

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№30
(900)

Бейсенбі, 30 шілде 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Елде

Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы жөніндегі Хаттамаға қол қойылды



Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі Жұмыс тобының төрағасы, Финляндияның елшісі Веса Химанен келіссөздер үдерісі барысында Қазақстан 50-ден аса жаңа заң қабылдап, 10 халықаралық келісімге түзету енгізгенін, олар кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ аясында қабылданғанын атап

өтті. Бұл жайында Ақорданың баспасөз қызметі хабарлап отыр.

— Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ бойынша серіктестерімен тығыз байланыста жүргізілген заңнамалық бағыттағы прогресс біздің жұмысымызды соңғы жылы едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Қазақстанның құжаттар топтамасы — бұл нарықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін жетілдіру ісіне қомақты үлес қосатын, сауданың көпжақты жүйесін жаңғыртатын және ДСҰ-ны нығайтатын жоғары сапалы құжаттар, — деді В.Химанен.

ДСҰ бас директоры Роберто Азеведо еліміздің Ұйымға кіру үдерісі барысындағы Қазақстан Президентінің көшбасшылығына жоғары баға берді.

— Бұл — Қазақстан үшін де, ДСҰ үшін де шынымен тарихи күн. Ұйымға кірудің артықшылықтары — жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысын арттыру, тұрмыс деңгейін жақсарту. Қазақстан үшін бұл сіздердің соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктеріңіз бен жұмсаған күш-жігерлеріңіздің мойындалуы. Бұл — реформалардың көшпенді бағдарламасының қисынды нәтижесі, Қазақстанның бизнес үшін ашық екені туралы бүкіл әлемге жолдауы. Бұл күн ДСҰ үшін де айшықты болып табылады. Қазақстанның қосылуы біздің пікірталастарымызға қуатты әрі беделді үн қосады, Ұйымды Орталық Азияның жүрегіне жақындатады, — деп атап өтті Р. Азеведо.

Елбасы отырыста сөйлеген сөзінде ДСҰ-ға мүше барлық елдерге, Ұйым хатшылығына келіссөздер барысындағы сындарлы ұстанымдары мен қолдауы үшін, сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобындағы төрағалықты қолдағаны үшін Финляндия Үкіметіне алғысын білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер өткен аралықта Қазақстан экономикасының құрылымы айтарлықтай өзгерді.

— Экономика мейлінше қуатты әрі ашық бола түсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 18 есе ұлғайып, Орталық және Шығыс Еуропа деңгейіне жетті. Сыртқы сауда көлемі 120 миллиард доллар деңгейіне шықты. Біздің сыртқы сауда айналымымыздың 90 пайыздан астамы ДСҰ-ға мүше елдерге тиесілі. Сауда қарым-қатынастарының географиясы едәуір өзгерді. Қазақстанның сауда байланыстары 90-жылдардың ортасында бұрынғы кеңестік кеңістік елдерімен ғана жүргізілсе, бүгінде біз әлемнің 185 мемлекетімен сауда-саттық жасап отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сондай-ақ отандық экономика құрылымында болған елеулі өзгерістерге де назар аударды.

— Өздеріңізге мәлім, Қазақстан минералдық ресурстарға бай, бірақ біз шикізаттық тәуелділіктен арылу үшін экономика құрылымын өзгертуге ниеттіміз. Бүгінде еліміздегі ІЖӨ-нің 54 пайызын қызмет көрсету секторы қамтамасыз етеді, бұл саланың дамуына біз зор көңіл бөліп отырмыз. Бұлар — қаржы, телекоммуникация, құрылыс, энергетика және көлік салалары. Қаржылық қызметтерді ДСҰ аясында ырықтандыру «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру үдерісімен қатар жүретін болады. Ол Қазақстанның қаржылық инфрақұрылымының негізіне, ал кейіннен бүкіл еңірдің қаржылық хабына айналады деп сенеміз. Қазақстан барлық елдерді осы жобаға қатысуға шақырады, — деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті теңізге шығатын жолы жоқ, планетадағы ірі мемлекет болып саналатын біздің республикамыз үшін инфрақұрылым мен көлік-логистика қызметінің басымдықта дамитынын айтты.

— Біз жаһандық коммуникациялардың бір бөлігіне айналу үшін жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы мақсатпен ірі нарықтарды байланыстыратын стратегиялық көлік дәліздерін қалыптастырамыз. Біздің инфрақұрылымдық жобаларымыз отандық экономика мен халықаралық нарықтардың игілігі үшін бірегей транзиттік әлеуетті ашуға мүмкіндік береді, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы өткен кезең ішінде Қазақстан инвестициялық әлеуетін айтарлықтай ұлғайтқанына да назар аударды.

— Қазір біз инвестициялық ахуалды жақсартып отырып, экономиканы әртараптандыруға басымдық береміз. Инвестициялар мұнай-газ және тау-кен саласына ғана емес, экономиканың өңдеуші салаларына да бағытталуы үшін барлық жағдай жасалған — деді Мемлекет басшысы.

Жалпы алғанда, Қазақстан Президенті келіссөздер үдерісі кезінде республикамыз экономиканы жаһандық нарыққа ықпалдандыру үшін ұзақ жолды жүріп өткенін айтты. Ауқымды институционалдық жаңғыртулар жүргізу де дамуға жаңа серпін береді.

— Реформаларды тиімді жүзеге асыру жаңа сапалы институционалдық орта қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Біздің келесі қадамымыз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен белсене ықпалдасу болады. Бірінші кезекте, биыл жүзеге асырыла бастаған Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан арасындағы ынтымақтастық жөніндегі елдік бағдарлама аясында болмақ, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонында Мемлекет басшысы еліміздің еркін сауда және ашық ықпалдастық қағидаттарына берік екенін айтты.

— Қазақстан аз уақыттан соң ДСҰ нормаларымен жұмыс істей бастайды. Дәйірғаммен біз кедергілерді жойып, ашық ынтымақтастық қағидаттарын ілгерілетіп, өңірлік ықпалдастық локомотиві бола отырып, экономикалық саясатымызды әуелден-ақ «ДСҰ рухында» құрып отырмыз. Бұл Ұйымның мүшелері арасында сауда-саттық кезіндегі кемсітуге жол бермеу — ДСҰ-ның басты қағидаты. Экономиканы саясатпен араластыратын санкциялық саясат саудаға кедергі келтіреді және ДСҰ қағидаттарына сай емес. Мұндай жайтты болдырмау біздің ортақ міндетіміз деп ойлаймын. Сіздерге бірлескен еңбектеріңіз үшін тағы да алғыс айтып, біз Ұйымның барлық мүшелерінің мүддесі, экономикаларымыз бен халықтарымыздың игілігі үшін ДСҰ аясындағы алдағы жұмысқа дайын екенімізге сендіргім келеді, — деді Қазақстан Президенті.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы жөніндегі Хаттамаға қол қойылды.

BAQ.kz.

Кеммін деме, теңмін де

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ӨМІРІ

Тағдырдың тәлкегіне түскен жарымжан жандарды қоғамға бейімдеп, олардың еңсесін тіктеп, өзгелер секілді өмір сүрулеріне қолайлы жағдай жасау — бүгінгі қоғамның басты талабы. Қазіргі сәтте оларға қолдау көрсету еліміздің саяси міндетіне айнауда. Өткен сейсенбіде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ғимаратының мәжіліс залында өткізілген семинарда елімізде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік саясат, мүгедектердің негізгі құқықтары жайлы мәселелер өңгіме арқауына айналды.

Семинарды ұйымдастырушылар «АРДОС-Жүрек» мүгедектер бірлестігі. Аталмыш бірлестік 2013 жылдың 26 наурызында Петропавл қаласында құрылған Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы мүгедектер ісі жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі. Бірлестік қызметшілері 1 және 2 топтағы мүгедектер, елімізде тұңғыш рет тірек-қозғалыс аппараттары зақымдалған мүгедек балалар үшін ашылған инклюзивті мектеп-интернаттың алғашқы қарлығаштары.

Бірлестіктің негізгі мақсаты — мүгедектердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, оларды көшпенді оңалтуды жүзеге асыру, қоғамдағы орны және мүгедек балалар үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Құрылған уақыттан бері біршама жағымды істерді тындырып, жастар, мүгедектер арасында семинарлар, акциялар, тренингтер өткізді. Қазір өңіріміздің аудандарын аралап, мүмкіндігі шектеулі жандар арасында «Тең мүмкіндіктер өмірі» атты семинар, бизнес-тренингтер ұйымдастыруда.

Семинарды кіріспе сөзбен ашқан аталмыш бірлестік директорының орынбасары Сәлімхан Сәбитов өздері жайлы айта келіп, семинарға қатысушыларды ашық өңгімеге шақырды.

Одан кейін сөз алған бірлестік директоры Ақжан Кәрімов мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін әлеуметтік көмектер мен төлемдерге тоқталып өтті.

Қазақстанның әлеуметтік қорғау жүйесінің әлемдік стандарттарға жақындауының маңызды қадамы болып Мемлекет басшысының 2008 жылғы желтоқсанда «Біріккен Ұлттар Ұйымының «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қоюы болды. БҰҰ Конвенциясы мүгедектердің құқықтарын қорғауға және ынталандыруға, оларға қатысты кемсітушіліктерді



жоюға, олардың жұмыс істеуіне, денсаулықтарын сақтауына, білім алуына және қоғам өміріне толықтай қатысуы, әділеттілікке қол жеткізуі, еркін қозғалуы құқықтарын қамтамасыз етуге және ынталандыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 24-тарауы мүгедектердің еңбегін реттеудің ерекшеліктеріне арналған.

Кодекске сәйкес медициналық қорытынды бойынша денсаулық жағдайы еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не оның денсаулығына және (немесе) басқа адамдар еңбегінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік себептері бойынша еңбек шартын жасасудан бас тартуға, мүгедекті басқа жұмысқа ауыстыруға, еңбек жағдайларын өзгертуге тыйым салынады. Бірінші және екінші топтағы мүгедек қызметкерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын ұзақтығы қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді. Сонымен қатар, бірінші және екінші топтағы мүгедек қызметкерлерге ұзақтығы 15 күнтізбелік күннен кем болмайтын қосымша жыл сайынғы төленетін еңбек демалысы беріледі. Сондай-ақ жұмыс істейтін мүгедектерге жұмыс берушінің келісімдерімен актілерімен, сонымен қатар ұжымдық келісіммен қосымша кепілдіктер берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 156-бабына сәйкес бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерден республикалық бюджет туралы заңда белгіленген

және тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын ең төменгі жалақының 55 еселенген мөлшері шегінде бір жылдағы табыстары салық салуға жатпайды, яғни олардан жеке табыс салығы ұсталмайды.

Мүгедектік адамның физикалық мүмкіндігін шектеп қана қоймай, қазіргі заманғы өмір сүруіне қажетті жұмысқа орналасу, табыс табу мүмкіндіктерін шектейтін аса күрделі құбылыс болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік қамсыздандырудағы мемлекеттік саясат ең алдымен азаматтар жұмыс істеу қабілетінен айрылған жағдайда оларды қаржылық қолдауға бағытталған.

Семинар барысында мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірлерінен бейнероликтер көрсетіліп, ұйымдастырушылар мен қатысушылар арасында ашық өңгімелесу қалыптастырылды. Залға жиналғандар өздерін толғандырып жүрген мәселелер жайлы сұрақтар қойып, толыққанды жауап алды.

Семинар аяқталғаннан кейін бәрі естелік суретке түсті.

Жалпы, мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында атқарылған тірлік жетерлік. Оларға жасалатын әрбір көмек еш уақытта толастамауға тиіс. Себебі, өмірдің тауқыметін тартса да, басына түскен іске мойымай күн кешіп жүрген кемтар жандардың жайы қай кезде де алдыңғы орындарда болып, басты назарда болуы хақ.

Жанат КӨШЕЙ.

Шөп науқаны-2015

Жаздың бір күні жылға азық

Ауданымызда шөп шабу науқаны қызу жүргізіліп жатыр. Ауа райының құбылмалылығына қарамастан ауыл еңбеккерлері мал азығын уақытында жинап алуға бар күш-жігерлерін жұмсауда.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің ақпараты бойынша ауданымызда 50 мың гектар алқаптың шөбі шабылып, жоспардың 115% құрайды. Қазіргі кезде ауданда оның екі жылдық қоры бар. Орташа шығымдылығы гектарынан 9-10 центнерден айналууда. Көш басында келе жатқан шаруашылықтар: «Агрофирма «Бабық Борлық» ЖШС (С.Ф. Махметов), «Баянтай» ЖШС (С.Қ. Есенғалиев) және «Гусаковка» ЖШС (Н.М. Сердалин). «Бабық Борлық» ЖШС-де 2000 гектар алқаптың шөбі орылды, орташа шығымдылығы 7,5 ц/г. 1100 тонна шөп тасымалданды. Шаруашылық еңбеккерлерінен басқа, серіктестік жалғызілікті зейнеткерлерге, азақамтылған жанұяларға көмек қолын созуда, оларға 300 тонна



шөп таратылды. «Баянтай» ЖШС 350 гектардың шөбі шабылып, орташа шығымдылығы 9 ц/га айналды. 350 тонна шөп тасымалданды. «Гусаковка» ЖШС-де 1500 гектар алқаптың шөбі орылып, 1200 гектардың шөбі жинап алынды. Шаруашылық еңбеккерлеріне,

зейнеткерлер мен азқамтылған отбасыларға көңіл бөлінеді.

Ауа райының жаңбырлы болуына қарамастан, шөп шабу науқаны қарқынды жалғасуда. Өйткені әр ауыл тұрғыны жаздың бір күні жылға азық екенін жақсы түсінеді.

Өз хабарымыз.

Айыртау арыстары

ӨТКЕНІМІЗГЕ ТАҒЗЫМ, БАҚЫТЫМЫЗҒА МАҚТАНЫШ...

Үстіміздегі жылдың тамыз айының 20-шы жұлдызында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше кітаптың авторы, құқық қорғау саласының Құрметті қызметкері, подполковник Табылды Кенжетәев егер арамызда тірі жүрсе 80 жасқа толар еді.

Өзінің бар саналы ғұмырын азаматтардың тыныштығын қорғауға арнап, талай қауіп-қатерді басынан кешірген ардагер азамат артынан жарқын із қалдырды. Ол жақсы қызметкер болуымен қатар жанұясында аяулы жар, асқар тау-дай әке, мейірбан да мейірімді ата бола білді. Балалық шағымызды бірге өткізіп, құлын-тайдай тебісіп өскен Табылды сол кездің өзінде-ақ алғырлығымен, батылдығымен басқа балалардан ерекшеленіп тұратын. Оқуға да зерек еді.

Осындай абзал азаматпен бірге өсіп, жолдас болғанымды мен әлі күнге дейін мақтан тұтамын. Бүгінгі шағын мақаламда мен туған күні қарсаңында Табылды құрдасымды еске алып, газет арқылы ой бөлісуді жөн көрдім.

Табылды Кенжетәев 1935 жылы 20 тамызда бұрынғы Көкшетау облысы Володар ауданының қарасты Сарыөзек ауылында дүниеге келген. Қаратал жетіжылдық және Казгородок (Сырымбет) орта мектебін бітірген соң, Қарағанды Жоғары милиция мектебіне оқуға түсіп, аталмыш оқу орнын 1971 жылы бітіріп шығады.

Ұзақ жылдар бойы ішкі істер саласында жұмыс істеп, Айыртау, Шүчье аудандарында ішкі істер басқармасының бастығы, Алматы қаласындағы Алатау, Фрунзе аудандық ішкі істер басқармасында саяси бөлім бастығының орынбасары, бастығы лауазымдарында абыройлы қызмет атқарады.

Мен, Табылды екеуіміз ең бір қызық, қайталанбайтын шақ, балалық шағымызды шағын Сарыөзек ауылында бірге өткіздік. Ұлы Отан соғысынан кейінгі өте бір қиыншылық уақыт болатын. Сол кездегі ауылдың басқа



балаларымен бірге біз де колхозда жұмыс істедік. Ауылдағы колхоздың агрономы Баймағанбетов Хамит атамыз барлық ауыл балаларын жиып алып, ауыл сыртындағы егіннің арам шөбін жұлдыратын.

Ауылдағы бастауыш сыныпты бітіргеннен кейін көрші Қаратал ауылындағы жетіжылдық мектепке бір-екі таба нанымызды арқалап, жаяу барып оқитын едік. Онда сол Қаратал ауылында туыс-туғандары бар балалар ғана сол үйлерде тұрып оқитын, ал қалған балалар ауылда ересектермен бірге жұмыс істейтін. Олар кейіннен тракторшы, комбайншыға көмекші, машина жүргізушісі болып еңбекке өрте араласып кетті. Біз жазғы демалыстарда сан алуан колхоз жұмысына қолғабыс жасайтынбыз. Тіпті кей жылдарда оқу қыркүйекте емес, қазанда айында басталатын. Күзгі жиын-терін науқанында лабогрейканың алдыңғы пар өгізінің үстіне отырып алып, таң атқаннан кешке дейін түспей өгіз айдайтынбыз, дала қосында жататынбыз. Сол кезде мен Табылдыңмен өте жақын дос болдым. Қостың іші суып кеткенде, екеуіміздің төсегіміз қатар болатын тоңып жаураған кезде біріміздің қойнымызға біріміз кіріп кететініміз. Қаратал ауылындағы жетіжылдық

мектепті бітірген соң, Табылды Казгородоктағы орта мектепте оқыды. Ол кезде ата-анасы бар балаларды, тіпті жесір әйелдердің де балаларын (анаң жұмыс жасында деп) интернатқа алмайтын. Табылдың да әкесі болғандықтан интернатқа алмады. Ол өзінің алған бетінен қайтпай, қандай да бір қиыншылықты жеңе білетіндігін, қайсарлығын көрсетіп, жатқан үйінің бар шаруасын тындырып қана қоймай онжылдықты «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Ал басқа балалар сондай қиыншылыққа шыдамай, оқуларын да тастап кетті.

Ал мен Шұқыркөл орта мектебінде немере ағамның үйінде тұрып, еш қиындықсыз онжылдықты бітіріп шықтым.

Мектепті бітірген соң мен Қотыркөлдегі техникумға оқуа түстім, ал Табылды болса Көкшетау қаласындағы сауда мектебіне (коопшкола) оқуға түседі.

Мен жазғы демалысқа өрте шығып ауылда болдым. Ал Табылдың оқулары бірақ жыл болғандықтан, жаз бойы оқу оқыды. Анда-санда ауылға тамақ әкетуге келіп тұратын. Ол кезде соғыстан тұралаған ауыл әлі оңала қойған жоқ еді. Ауылдан Саумалкөлге дейін көлік қатынай қоймайтын. Осы кездерде мен Та-

былдыңы аудан орталығына талай рет ат-арбамен апарған кездерім де болды. Саумалкөлге дейін үш-төрт сағат жүретініміз. Ол жол бойы көптеген әңгімелер айтатын. Бірде төс қалтасынан блокнотын алып шығып, өлеңдерін оқи бастады. Сонда Табылды меннен өзінің өлең жазатынын ешкімге айтпауын өтінетін еді. Әбден піскен уақытта кітап етіп бірақ шағарамын дейтін.

Мен Қотыркөлде оқып жүрген кезімде демалыс сайын Көкшетауға Табылдыңа келіп тұратынмын. Осындай күндердің бірінде Табылды мені өзінің болашақ жары Көпеймен таныстырып, оның да біздің Саумалкөлден екенін айтты.

Сонау студенттік шағымызда Табылдыңмен бірге талай қызықтарды басымыздан кешірдік. Ол үнемі арамызда көшбасшы болатын. Ауылда демалыста болған кездерде талай «сарыөзекке» шомылатынбыз, талай рет қиянқылдықтарды да бастан өткерген едік.

Есімде бір қалғаны ауыл жігіттері Табылды, Қабылқай, Мұқатай, Құрмаш, мен, Жылқыбай бәріміз Көкшетау қаласындағы жалғыз «Северный» деген мейрамханада басымыз қосылып, даяшының бізді өлемегеніне қатты ашуланған Табылды орнынан атып тұрып, даяшымен орысшалап ұрсыса кетеді. Ал даяшы болса, залдың басысын шақыртып, бізді қумақшы болады. Сол мезетте ержүрек Табылды мейрамхананың бастығына дейін барып, әлгі екеуінің қателіктерін мойындатады. Міне, осы тұста жолдасымның өжеттілігін, әділеттігін анық байқадық.

Жылдар жылжи келе Табылды менен бір жыл бұрын Көпей екеуі шаңырақ құрып, дүниеге ұл әкеледі. Атасы Кенжетай Жангелді (Жан) деп есімін беріп, ауылға дүрілдетіп шілдехана тойын өткізгені әлі есімде.

Сол Жан Табылдыңұлы әке жолын қуып, қазір Ішкі істер министрлігінің Бөрімбек Бейсенұлы атындағы Қарағанды Академиясының бастығы, былтырғы жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолынан полиция генерал-майоры шенін алған болатын.

Сөз соңында құрдасым Табылдыңың

жатқан жері жарық, топырағы торқа, кейінгі ұрпағына амандық берсін деп тілей отырып, жүректен шыққан мына жыр жолдарын оқырмандар назарына ұсынамын.

*Есімде балалық шақ өткендегі,
Бірге өсіп жігіттікке
жеткендегі.
Арман-ай сол күндердің
занибаты,
Елестеп көз алдыма
келгендігі.
Өмірден өтіп кеттің сәл
ертерек,
Артыңда сөзің қалды
дәу бәйтерек.
Сексенге жетер едің
тірі болсаң,
Аллаға шарамыз жоқ
қарсы келмек.
Әуелден аян еді баағың бары,
Кәудеңде өлең жырың
ағындады.
Көтерді көкке сені киелі өлең,
Қолдаған ата-баба аруағы.
Нағашың атын-шұлы
Тоғжан ақын,
Халқына өнерімен болаан
жақын.
Өзің де тұлға едің
нағашыңдай,
Дара тұрған қарт емен
ағашыңдай.
Ұлың бар Жангелдідей
ардақтаған,
Әр сөзін қорғасындай
салмақтаған.
Тілеймін зор денсаулық,
ұзақ ғұмыр,
Күзетінде халқыңның
армандарын.
Асыл жары Табылдыңың
Көпей құрдас,
Өлімнен ешбір адам қалыс
қалмас.
Аллаға да керек деіңді жақсы
адамдар,
Әркімге де бақилық та
жетпей қоймас.
Орынбай ЖҰМАБЕКОВ,
еңбек ардагері.
Қаратал ауылы.
Суретте: Табылды екеуіміздің
студенттік шағымыз. 1955 жыл*

Алтын той

ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖҰПТАРЫ ЖАЗЫЛМАҒАН Мереке ақсақал мен Күлбағила әжейдің шаңырағы шаттыққа толы

Алтын той – ерлі-зайыптылардың шаңырақ көтеріп, отасқанына елу жыл өткенде тойланатын үлкен қуаныш. Мерейлі мерекеге аман-есен жеткен жұбайлардың барлығы бұл күнді атап өтуге тырысады. Өйткені «Алтын той» ендігі жерде бұл некені ешкім бұза алмайды деген ұғымды білдіреді. Осындай іргесі берік, шаңырағы шаттыққа толы жанұяның бірі Сырымбет ауылында тұрады. Олар - өмірде сырбаз мінездерінен айнымаған, айналасына шапағатын шашып туған-туыс, дос-жарандарына сыйлы болған Мереке мен Күлбағила Бейсембаевтар. 4 ұл 3 қыз өсіріп, олардан 16 немере, 1 шөбере сүйіп отырған 75 жастағы Мереке ақсақал мен 68 жастағы Күлбағила әжейдің әңгімесін тыңдаудың өзі бір ғанибет.

50 жылдан бері өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген ерлі-зайыптының пайым-парасаты кім-кімге болмасын ой салса, отбасы құндылығы мен ақ некенің қасиетін қадір тұтып, бірінші орынға қоюы жастарға үлгі боларлықтай.

— Мен 1939 жылы қараша айында Қоскөл ауылында өмірге келдім. Балалық шағым сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа тұс келді. Соғыс кезінде біздің басымыздан бұлт арылмады. Жетімдіктің де ащы дәмін аз татқан жоқпын. Сондықтан да болар, еңбекке өрте араластым,- дейді қария балалық шағын еске алып. — Әкем Айтпай мен шешем Майдаш қарапайым колхозшылар еді. Бір әкешешеден екі ұл екі қыз дүниеге келдік. Қазір мен жалғызбын. Жатқан жерлері жарық болсын, Қаншаим апам мен Ибраим ағам бақилық болған. Құдайға шүкір, артында ұрпақтары бар. Майра деген қарындасым сәби кезінде шетінеп кетіпті. Ұлы Отан соғысы басталғанда әкем алғашқылардың қатарында майданға аттанып, Ленинградты қорғауға қатысады, 1943 жылы қаза тапты. Қырық алтыншы жылы шешеміз өмірден озды. Осы жылы үйіміз күйіп, шиееттей жас балалар далада қалдық. Әлі есімде, ауылымызда Әсман деген пошташы болатын. Сол кісі бізді Казгородок ауылындағы балалар үйіне тапсырды. Қорабай атты ағайынымыз қан майданнан аман-есен оралып, бізді қайтадан бауырына алды. Бастауыш сыныптарды Қоскөл



ауылында оқыдым да, 1952 жылы Мұратбек Нұғыманұлы деген ағайдың көмегімен қайтадан балалар үйіне қабылдандым. Орта мектепті аяқтаған соң Шүчье қаласындағы мұғалімдер училищесін тәмамдап, Казгородок орта мектебіне дене шынықтыру мұғалімі болып орналастым. Осы жылдың күзінде әскер қатарына аттандым. 1963 жылы Отан алдындағы борышымды өтеп келіп, туған мектебіме қайта оралдым. Содан алтын ұя мектебімде 2002 жылы зейнеткерлікке шыққанша дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық пәндерінің мұғалімі болып қызмет істедім. Еңбегім де жеміссіз болған жоқ. Өз ортама сыйлы болдым. Алдымнан талай шөкірттер білім алып, қиянға қанат қақты. Белгілі әскери журналист Саларғали Жағыпаров, ҚР Қарулы Күштерінің полковниктері Марат Зұлқарнаев пен Нұржан Замзин менің мақтан тұтар шөкірттерім. Білім министрлігінің, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталдым. 1983 жылы Қазақ ССР-нің ДОСААФ съезіне делегат ретінде қатысқаным да әлі күнге дейін жадымда. Жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиеләуге белсене қатысқаным үшін «Қазбат» жауынгерлік іс-қимылдар және бітімгершілік операциялар ардагерлерінің одағы»

республикалық қоғамдық бірлестігінің «Қазақстан патриоты» медалімен ҚР Қарулы Күштерінің 10 жылдығына орай арнайы ескерткіш сағатымен наградталдым. Қазіргі уақытта Сырымбет ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасымын жастар, оқушылар өртүрлі кездесулерге шақырып тұрады. 1965 жылы болашақ жарым Күлбағиламен танысып, қосылдық. Отау құруға бел бұғанымда, үлкендер жағы «Балам, үйлену оңай, үй болу қиын» деп айтқан еді. Сол кісілердің ақылы ақыл-ақ екен. Қиын қыстау кез болса да шаңырақ көтеріп, үйлендім. Отбасылы болып, әке атанғанымда ғана өмірдің бір тегіс емес екенін түрлі соқпағы мен кедергісі барына көзім жетті. Кеншар бізге жас отбасы ретінде екі бөлмелі пәтер берді. Сол пәтерде 1985 жылға дейін тұрып, өсіп-өндік, көбейдік. Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай осы отырған үйімізді берді. Қанша қиын болса да, жұбайлық, әкелік борышымды ойдағыдай атқаруға тырысып бақтым. Қосағым Күлбағила екеуіміз өмірдің талай қызығы мен шыжығын бірге көріп, қиыншылықты жеңе білдік. Күні кеше ғана сияқты еді, одан бері елу жыл өтіпті. Бір кездері бұр жарған қос шыбық қазір мәуелі бәйтерекке айналып отырмыз, — дейді Мереке Бейсембаев. Ақсақал өзінің төккен тері

мен еңбегінің ақталғанына, балаларына дұрыс тәлім-тәрбие беріп, өмірде өз орындарын таба білуіне үлес қоса алғанына бір маркайып отырған еді. Кенет ақсақалдың үйіне немерелері жүгіріп келіп, бөлме іші мәре-сәре болды. Былдырлаған бүлдіршіндердің бірі алдына отырса, атасының еркесі Әуез арқасына асылып, мойнына оратылды. Немерелерінің балдай тәтті қылығына өміреніп, жас баладай қуанып отыр. Тай құлындай шабысқан бүлдіршіндердің соңынан әжелері жүр. «Балаңды өскенше, немеренді өлгенше бағасың», деген Күлбағила апа әңгімесізге араласты.

— Осы шаңыраққа келін болып түскелі, қайын жұртым маған еш уақытта келін ретінде қараған жоқ. Қызындай еркелетті. Жұбайым да бір ауыз артық сөз айттып, көңіліме қаяу түсірмеді. Мен де өз кезегімде үлкендердің алдынан кесе көлденең өтпей, ауыл-аймаққа, ағайын-туысқа сыйлы болуға тырыстым. Жұбайымның айтқанын екі етпей, көңілін қалдырған жоқпын. Сондықтан да болар, әлі күнге дейін тату-тәтті өмір сүріп, немере-шөберенің қызығын бірге көріп келе жатырмыз. Жастық шақта қиындықты аз көрмедік. Соған қарамастан, перзенттерімізді ел қатарлы өсіріп, үлкен дәрежеге жеткіздік. «Ұлды ұяға, қызды қияға»

қондырдық. Тұңғышымыз Мұхамедқали Зеренді ауданына қарасты Чаглинка ауылында тұрады. Мейрам, Ерлан атты ұлдарымыз, Гүлсара, Қарлығаш, Сандұғаш есімді қыздарымыз Көкшетау қаласында тұрады. Өз алдарына жеке-жеке шаңырақ, жұмыстары бар. Қолымыздағы ұлымыз Марат пен келініміз Әзіна мектепте жұмыс істейді. Келіндеріміз бен күйеу балаларымызды өз перзентіміздей көреміз. Немерелеріміздің алды балалы болып, бізді бір қуанып тастады. «Бала — балым, баламның баласы — жаным» деген екен үлкендеріміз. Қазір Мереке екеуіміз немерелерімізді бауырымызға басып, қылықтарын қызықтап отырған жайымыз бар. Біздің жолымызды балаларға берсін деп тілеймін. Келіндеріме әрдайым еріңді сыйла, ағайын-туыстың көңіліне қаяу түсірме, отбасы құндылығын бағалалай біліңдер деп отырамын. Осы күнге жеткенімізге мың қайтара шүкір. Бала-шағаның ортасында күліп-ойнап, амандығын тілеп отырғанға не жетсін. Құдайдың бергені мен беретіні таусылмасын деп, «Гауһар тойға» жетсек деген ниет те жоқ емес,-дейді Күлбағила апа.

Біз де өз тарапымыздан ұрпағы өсіп-өнген халқының қадірмәнді қариялары атанған Мереке ақсақал мен Күлбағила әжейді қол ұстасып өткізген 50 жылдық тойларымен құттықтап, Бейсембаевтар әулеті Сіздердің әлі талай тойларыңыздың куәсі болсын - деген жүректарды тілегімізді білдіріп, қош айтыстық.

*Алтын таққа лайықты
асып жандар,
Ұл-қызына ақыл боп
шашылғандар.
Жетіпті Алтын тойдай
асыл тойға,
Шаңыраққа ақ таң боп
шашылғандар.
Бұйырыпты сіздерге осы бақыт,
Өмірлерің баға жетпес асыл ақық
Тағы да елу жыл бірге жүріп,
Болыңыздар отбасына алтын,
жақұт.
Еңбектің де зейнетін көріп енді,
Отыратын ортада кез де келді.
Ауырмастан жүзге жетсін
жастарыңыз,
Шөпшекке де жетіңдер
қос тұмар боп.
Жанат СӘБИТОВ.*

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 3 ТАМЫЗ КАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Таңшолпан». 9:35 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Алға, Диего». М/х 11:00 «Айтуға оңай...» 11:45 «Болашақ». Т/х 12:30 «Өнер шежіресі» 12:45 «Еңбек түбі - береке» 12:50 «Дауа» 13:25 «Білгірлер бәйгесі». 14:10 «Ақсауыт» 14:45 «Джунгли кітабы. Сафари». М/х 15:00 «Әйел бақыты». 16:10 «Келін». Т/х 17:00 «Бейбіт атом – бейбітшілік бастауы». 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Жаныңда жүр жақсы адам». Д/ф 18:20 «Ұлжан». 19:10 «ЕХРО - 2017» 19:35 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Жедел жәрдем». Т/х 22:45 «КЕЛІН». Т/х 23:40 «Алып тұлғалар» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Көкпар». 1:20 «Дауа» 1:55 «Ақсауыт» 2:25 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:55 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтумар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 «Ду-думан» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Д/д 11:45 «Магия кухни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 М/с «Маша и медведь» 12:35 М/с «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Д/д 16:30 Т/х «Алдар көсе» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:15 Т/х «Сұлтан Сүлейман» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Гречанка» 22:20 Т/с «След» 23:10 «Жекпе-жек» 23:55 Қорытынды жаңалықтар 00:25 Новости 00:55 «Әр үйдің сыры басқа» Д/д 01:25 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «БЫЛА ЛЮБОВЬ» 12:00 «КАРПОВ». Детектив 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». Т/х 13:50 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». Т/х 14:40 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВО-РЯТ» 19:00 Кино «ГОД В ТОСКАНЕ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». Т/х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». Т/х 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». Кино 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

